Абай облысы білім басқармасы Семей қаласы білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ қосымша білім беру педагогы /домбыра/ (тұрақты орынға) конкурс жариялайды.

Конкурс жарияланған лауазым атауы: Абай облысы білім басқармасы Семей қаласы бойынша білім бөлімінің **«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 жалпы орта білім беретін мектебі»** КММ **қосымша білім беру педагогы /домбыра/ (тұрақты орынға)**

Конкурсты өткізу орны мен мерзімі: Семей қаласы, 6 линия 18 А көшесі.
Байланыс телефоны: 8 (7222) -64-19-15
Электрондық мекен-жайы: new_school_47@mail.ru
Конкурсқа қатысуға өтінім беру мерзімі және қабылдау орны: «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ.

Конкурсқа қатысуға қажетті өтінім «Enbek.kz» сайтында, Абай облысы білім басқармасының «Семей қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сайтында конкурс өткізілетіні туралы хабарлама жариялаған күннен бастап 7 күнтізбелік күнде жүзеге асырылады (құжаттарды қабылдау мерзімі Конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі).

Көрсетілетін қызметті берушіден өтінішті қабылдау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес сенбі, жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, құжаттарды қабылдау Абай облысы білім басқармасы Семей қаласы бойынша білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де **15.10.2026ж.бастап 27.10.2026ж. қоса алғанға дейін** белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жүзеге асырылады, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін қабылданады.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар:

- Қосымша білім беру педагогі ретінде тиісті **білімі және кәсіби біліктілігі** болуы.
- Домбыра аспабында **жоғары орындаушылық шеберлікке** ие болуы.
- Домбырада ойнаудың негізгі әдіс-тәсілдерін, қазақтың дәстүрлі күй өнерін және ұлттық музыкалық мұраны меңгеруі.
- Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес **оқыту әдістемесін** білуі және қолдана алуы.
- Оқушылармен жеке және топтық жұмыс жүргізу, олардың музыкалық қабілетін дамыту дағдыларының болуы.
- Сабақ барысында заманауи педагогикалық және шығармашылық әдістерді тиімді пайдалана білуі.
- Оқушыларды концерттерге, байқауларға, фестивальдерге дайындау тәжірибесінің болуы.
- Оқушылардың жетістіктерін растайтын **дипломдар, сертификаттар, алғыс хаттар** және басқа да құжаттардың болуы құпталады.
- Конкурс барысында домбырада **жеке орындаушылық нөмірін** көрсетуі.
- Педагогикалық шеберлігін, шығармашылық ізденісін және оқушымен жұмыс жасау қабілетін таныстыра білуі.
- Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақтың дәстүрлі өнеріне қызығушылық қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізуі.
- Конкурс ережесінде белгіленген құжаттарды толық әрі белгіленген мерзімде ұсынуы.

Лауазымдық міндеттері:

- Білім алушыларға домбыра аспабында ойнаудың теориялық және практикалық негіздерін үйрету.
- Домбыра үйірмесінің оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру және бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес сабақтарды жүргізу.
- Білім алушылардың музыкалық қабілеттерін, орындаушылық шеберлігін, есту, ырғақ сезімін және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- Қазақтың дәстүрлі музыкасын, халық күйлерін, ұлттық музыкалық мұраны оқыту және насихаттау.
- Білім алушыларға домбыраны дұрыс ұстау, қағыс түрлері, перне басу, дыбыс шығару және орындау техникасын меңгерту.
- Оқушылардың жеке ерекшеліктері мен дайындық деңгейін ескере отырып, жеке және топтық сабақтар ұйымдастыру.
- Білім алушыларды концерттерге, шығармашылық кештерге, байқауларға, фестивальдерге және басқа да мәдени іс-шараларға дайындау.
- Оқушылардың орындаушылық репертуарын іріктеу және жүйелі түрде жаңартып отыру.
- Музыкалық шығармаларды үйрету барысында нотамен және есту арқылы орындау дағдыларын қалыптастыру.
- Білім алушылардың сабаққа қатысуын, оқу жетістіктерін және шығармашылық нәтижелерін бақылау.
- Дарынды және қабілетті оқушылармен жеке жұмыс жүргізіп, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту.
- Домбыра аспаптарының және оқу құралдарының сақталуын қамтамасыз ету, оларды ұқыпты пайдалануға білім алушыларды үйрету.
- Қауіпсіздік техникасы, санитариялық-гигиеналық талаптар және ішкі тәртіп ережелерін сақтау.
- Ата-аналармен немесе заңды өкілдермен өзара байланыс орнатып, білім алушының шығармашылық дамуы туралы ақпарат беру.
- Әдістемелік бірлестік, педагогикалық кеңес және мекеме ұйымдастыратын іс-шараларға қатысу.
- Өзінің кәсіби біліктілігін арттыру, жаңа педагогикалық және музыкалық әдістерді меңгеру.
- Оқу-әдістемелік материалдарды, сабақ жоспарларын және қажетті есептік құжаттаманы белгіленген тәртіппен жүргізу.
- Білім алушылар арасында қазақ халқының ұлттық өнеріне, мәдениеті мен дәстүріне құрмет қалыптастыру.
- Білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, олардың сабақ кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтау.

Білуге тиіс:Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі,Қазақстан Республикасының "неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" кодексін, Қазақстан Республикасының "білім Туралы" "білім Туралы"," Қазақстан Республикасындағы тіл Туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары Туралы", "сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Туралы", "мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты," Қазақстан Республикасындағы Туралы"," арнаулы әлеуметтік қызметтер "Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау Туралы", "кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу" және басқа да нормативтік-

құқықтық актілер бағыттары мен келешегін айқындайтын білім беруді дамыту әдістемесі " пәнін оқыту, тәрбие жұмыстары, жарақтау мен жабдықтау талаптарын оқу кабинеттері және қосалқы үй-жайларды, оқыту құралдары мен олардың дидактикалық мүмкіндіктерін, негізгі бағыттары мен даму болашағы, білім мен педагогикалық ғылым және құқық негіздері, еңбекті ғылыми ұйымдастыру, педагогика мен психология, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, педагогиканы, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, еңбекті қорғау ережелері мен нормалары, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғану, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Құжаттар тізімі:

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) осы Қағидаларға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2)жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – Бар болса);

4) педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

7) Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) Наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) Соттылығы жоқ деген анықтама;

10) ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі - ТБЖ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

11) педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаса, кандидаттың конкурсқа қатысу үшін берген құжаттарын қабылдаудан бас тартылады.

Кандидат конкурсқа қатысу үшін білім беруді басқару органының қарауына өзінің кәсіби жетістіктері, біліктілігін арттыруы, ғылыми зерттеулері, өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтауы, наградалары туралы материалдарды ұсынуға құқылы. Құжаттарды қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

Ақпараттың дәлдігі үшін:

Мекенжай: Абай облысы, Семей қаласы, 6 линия 18 А көшесі.
Байланыс телефоны: 8 (7222) 64-19-15
Электрондық мекенжай : new_school_47@mail.ru